

Қазақстан Республикасының 1992 жылы туған азаматтарын шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласындағы әділет басқармасында 2009 жылғы 9 қаңтарда N 5-2-100 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімінің 2009 жылғы 22 маусымдағы N 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімінің 2009.06.22 N 5 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 31-бабы 1 тармағы 8) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74-III Заңының 17-бабына және "ҚР әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 қаулысына сәйкес

Ш Е Ш І М

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізуге арналған комиссия мына құрамда құрылсын:

Шаханов Шамғали Нұрғалиұлы	- қорғаныс істері жөніндегі басқарманың бастығы, төраға
Азбергенов Сержан Мұхтарұлы	- мемлекеттік-құқықтық бөлімнің бастығы міндетін атқарушы, төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Майлыбаев Талғатбек Смағұлұлы	- ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Күшенев Ержан Мүтдәсірұлы	- медициналық шақыру комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)
Сагитова Гулмира Тұрсынғалиқызы	- медбике, хатшы (келісім бойынша)

Ескерту. 1 тармағына өзгерту енгізілді - Семей қаласының әкімінің 2009.01.23 N 1 шешімімен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

2. 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеу жүргізілетін жылы 17 жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды, сондай-ақ бұрын тіркеуден өтпеген жасы үлкен азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу жүргізілсін.

Тіркеу азаматтарды әскери есепке алу, олардың санын, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білім дәрежесін және алған мамандығын, дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырылатындарды алдын ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар

бойынша даярлау және әскери оқу орнына түсуі үшін үміткерлерді іріктеу
мақсатында жүргізілсін.

3. Шығыс Қазақстан облысы бойынша денсаулық сақтау басқармасының бас
маманы Ә. М. Бегалинаға (келісім бойынша):

1) жас жігіттерді медициналық куәландыруды жүргізу үшін қалалық
қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бұдан әрі - ҚІБ) бөлінген
дәрігер-мамандар және орта медициналық персоналға, олардың атқарып жүрген
қызметі мен еңбекақысын негізі істеп жүрген жұмысы бойынша сақтау;

2) емдеу – алдын алу мекемелерінің стационарларында жас жігіттерді ҚІБ
жолдамасы бойынша 10 тәулік ішінде қосымша тексеруді жүргізу үшін төсектер
резервін жасау;

3) жас жігіттер тексерілуге және емделуге жіберілетін емдеу мекемелерінің
тізбесін ҚІБ тапсыру ұсынылсын. Әскери оқу орындарына кандидаттарды
тереңдетіп медициналық куәландыруды ҚІБ N 025/У және 025/1/У есеп
нысандарын және басқа медициналық құжаттарды ұсына отырып жүргізу;

4) тіркеу кезеңінде тістерін емдетуге мұқтаж жас жігіттердің ауыз қуысын
сауықтыруды қамтамасыз ету;

5) тіркеу аяқталған соң 2009 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде қалалық ҚІБ
алынған мәліметтер негізінде емдеуге және медициналық тексеруге мұқтаж жас
жігіттерді N 1 және N 2 тізімдер (N 054/У есеп нысаны) бойынша мерзімді
әскери қызметке кезекті шақыруға дейін емдеу мақсатында қаланың емдеу
мекемелеріне бекітіп беру ұсынылсын.

4. Білім бөлімінің бастығы М. К. Дүйсембаева:

1) әскери – оқу орындарына кандидаттарды кәсіптік-психологиялық іріктеу
жөніндегі комиссиядан өту күніне дейін қажетті құжаттармен қамтамасыз етсін;

2) әскери оқу орындарына кандидаттардың білімін (тест сынағымен) орта
мектептің бағдарламасы көлемінде математика, физика, орыс тілі, Қазақстан
тарихы бойынша, дене даярлығын тексеру жөніндегі комиссияны құрсын.
Нәтижелерін 2009 жылғы 31 наурызға дейін ҚІБ ұсынсын.

5. Ауылдық округтер мен кенттер әкімдері:

1) әскерге шақырылуға дейінгі азаматтарды комиссияға арнайы
жабдықталған автобустарда ауылдық әкім орынбасарларының немесе
әскери-есеп үстелдері инспекторларының бірге алып жүруімен жеткізуді
ұйымдастырсын;

2) әскерге шақырылуға дейінгі азаматтарды тасымалдау кезінде қайғылы
оқиғалардың алдын алатын шараларды қабылдасын.

6. Білім мекемелерінің және меншік нысандарына қатыссыз өзге ұйымдардың
басшылары (келісім бойынша):

1) 1992 жылы туған әскерге шақырылуға дейінгі азаматтардың көрсетілген

мерзімдерде ҚІБ келуін қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырылуға дейінгі азаматтарды стационарлық емдеу және амбулаториялық талдауларды жүргізу үшін шақыру комиссиясының жұмысы кезінде жұмыстан және оқудан босатсын.

7. Ішкі істер басқармасының бастығы Ж. К. Исаділовке (келісім бойынша):

1) тіркеу кезеңінде шақыру учаскесінде кезекшілік ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу;

2) 2009 жылғы қаңтар-наурыз айларында ҚІБ хабарландыруы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 265 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 638 «Мерзімді әскери қызметке шақырылудан жалтарып жүрген азаматтарды белгілеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы» біріккен бұйрығының талаптарына сәйкес әскери есепке алынудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіруді қамтамасыз ету ұсынылсын;

8. Қаржы бөлімінің бастығы Р. Қ. Кәкімова бекітілген қаржыландырудың 2009 жылға арналған жоспарына сәйкес әскери қызметке тіркеу және шақыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды жүргізсін.

9. Семей қалалақ қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы Ш. Н. Шахановқа (келісім бойынша) 2009 жылғы 11 сәуірге дейінгі мерзімде осы қаулының атқарылуы жөнінде баяндау ұсынылсын.

10. Осы шешімнің атқарылуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Ж. Мүсәпірбековке жүктелсін.

11. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласының әкімі